| 8 | Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар | Қазақ тілі |
| 9 | Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар | Дінтану |

2022-2023 оқу жылы вариативті компанентінен төмендегі курстар енгізілді

| Сыныбы | Вариативтікомпанент | Пәні |
|---|---|---|
| 1 | Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар | Математика |
| 2 | Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтықсабақтар | Математика |
| 3 | Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар | Математика |
| 4 | Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар | Математика |
| 5 | Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар | Қазақ тілі |
| 6 | Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар | Жаратылыстану |
| 6 | Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар | Шет тілі |
| 7 | Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар | Қазақ әдебиеті |
| 8 | Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар | Қазақ тілі |
| 9 | Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар | Дінтану |

2023-2024 оқу жылы вариативті компанентінен төмендегі курстар енгізілді

| Сыныбы | Вариативтікомпанент | Тақырыбы |
|---|---|---|
| 1 | Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар | Ана тілі |
| 2 | Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар | Қазақ тілі |
| 2 | Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар | Математика |
| 3 | Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар | Математика |
| 4 | Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар | Математика |
| 5 | Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар | Қазақ тілі |
| 6 | Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар | Жаратылыстану |
| 7 | Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар | Қазақ әдебиеті |
| 8 | Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар | Қазақ тілі |
| 9 | Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар | Дінтану |

**2) Пәндік олимпиадалар мен ғылыми жобаларға қатысу нәтижелері, жетістіктер:**

2021-2022 оқу жылы

Жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиаданың II (аудандық/қалалық) кезеңінде 2 оқушы жүлделі орындар иеленді. Жалпы білім беру ұйымдарыныңоқушыларына арналған республикалық олимпиадасының аудандық кезеңінде оқушы жүлделі орындар иеленді Олар: Қазақ тілі пәнінен 6-сынып оқушысы Баймағанбет Мәулім III орын, пән мұғалімі Шаманов Махсат. Шет тілі пәнінен 6-сынып оқушысы Көпберген Рамазан II орын, пән мұғалімі Еламанова Гүлмарал.

«Жас зерттеуші-2022» облыстық ғылыми жобалар байқауында «Өлкетану » секциясы бойынша 8-сынып оқушысы Тілек Диас III дәрежелі Дипломмен марапатталды. Жетекшісі Өсербай Айгүл биология пәні мұғалімі.

«Тарих» сексиясы бойынша 8-сынып оқушысы Тоқбергенов Мерей II орын, жетекшісі тарих пәні мұғалімі Ансатова Галя.

| Барлығы | Қалалықбайқау жеңімпаздары саны | Облыстық байқау жеңімпаздарының саны | Республикалық, Халықалық байқау жеңімпаздарының саны |
|---|---|---|---|
| 4 | 2 | | |

2022-2023 оқу жылы

Жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиаданың II (аудандық/қалалық) кезеңінде жүлделі орындар иеленген 1 оқушы бар. «Юниор» республикалық олимпияданың аудандық кезеңінде шет тілі пәні бойынша 6 сынып оқушысы Қалжан Назым III орын алды. Жетекшісі: Еламанова Гүлмарал

| Барлығы | Қалалық(аудандық) байқау Жеңімпаздарысаны | Облыстық байқау жеңімпаздарының саны | Республикалық,Халықалық байқау жеңімпаздарының Саны |
|---|---|---|---|
| 1 | 1 | 0 | 0 |

2023-2024 оқу жылы

Жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиаданың II (қалалық)кезеңінде жүлделі орындар иеленген оқушы жоқ.

2023 ж – тарих бағыты бойынша ғылыми жобадан 8-сынып оқушысы Нысанжанова Ақбота I орынмен марапатталды. Жетекшісі: Еламанова Гүлмарал.

### 3) Мектептің басшы кадрларының біліктілігін арттыру туралы мәліметтер.

| Р/с | Педагогтыңаты-жөні | Лауазымы | Алғанбіліктілігі санаты | Біліктіліксанатты алғанайы,күні, жылы |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Жолмырзаева Айтолкын Жолдасовна | Мектеп директоры | Педагог-сарапшы | 15.07.2019 ж |
| 2 | Абдрахманов Каскырбай Турганбаевич | Мектеп директордыңоқу ісі жөніндегі орынбасары | Педагог- сарапшы | 31.08.2023 ж |
| 3 | Қалабаев Мейрамбек Әнуарбекұлы | Мектеп директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары | Педагог-сарапшы | 27.12.2019ж. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 4 | Тлеумбетова Нуржамал Жеткергеновна | Мектеп директордың бейінді оқытужөніндегі орынбасары | Педагог-сарапшы | 05.07.2019 ж |

Педагог кадрлардың біліктілік санаттары туралы мәлімет

| Р/с | Мұғалім ніңаты-жөні | Алған біліктілігі | Санатты алған жылы күні,айы.Бұйрық№ |
|---|---|---|---|
| 1 | Өсербай Айгүл Бегалықызы | Педагог-сарапшы | №121 15.07.2019 ж |
| 2 | Алмагамбетова Жанар Жаксылыковна | Педагог-сарапшы | №170 30.10.2020 ж |
| 3 | Ансатова Галя Шудабаевна | Педагог-сарапшы | №112 21.06.2021 ж |
| 4 | Жакаева Гулназ Абдикалиевна | Педагог-сарапшы | №51 – нқ 25.08.2022 ж |
| 5 | Бекжанова Динара Едигеевна | Педагог-сарапшы | №209 28.12.2021 ж |
| 6 | Шаманов Махсат Абдуллаұлы | Педагог-модератор | №105 04.05.2023 ж |
| 7 | Тлеукабылова Жанар Рашидовна | Педагог-модератор | №98 – нқ/2 31.08.2023 ж |
| 8 | Еламанова Гүлмарал Айдарқызы | Педагог-модератор | №69 04.12.2019 ж |
| 9 | Байекешов Амандос Куттымуратович | Педагог-модератор | №29/2 11.06.2019 ж |
| 10 | Койбагаров Алмат Баймаганбетович | Педагог-модератор | №69/1 12.12.2018 ж |

**4) білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру (бағаланатын кезеңге тәрбие жұмысы жоспарының көшірмесі қоса беріледі)**

**<u>2021-2022 оқу жылында</u>** №281 мектебіндегі тәрбие ісінің жылдық жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығына 2- қосымша, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу – тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдерінен құралады.

Тәрбие жұмысын ұйымдастырудың негізгі нормативтік құқықтық құжаттары басшылыққа алынды. Олар:

1) Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы;
2) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі;
4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы;
5) «Тұрмыстық зорлық - зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IY Заңы;
6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғаутуралы»Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169- VI Заңы;
7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы;
8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
9) ҚР БҒМ 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері;
10) ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.

***Тәрбиежұмысының мақсаты:***

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығы негізінде 2019-2024жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асыруға ұйымдастыру;
- Қазақстан № Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу – тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады. Тәрбие жұмыстары барлық ынталы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымды қатысуымен кешенді түрде жұмыс жүргізу;
- Мектеп оқушыларының Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы аясында;
- Білім мазмұнын жаңарту жағдайында балалармен оқушы жастарды тәрбиелеудің идеологисы мен стратегиясын анықтау;
- Қазақстан Республикасының азаматтары және патриоттары ретінде қалыптасуымен өзін – өздері танытуларына, әлеуметтенуіне, болашақ мамандық иесі болып, кәсіби, интеллектуалды және әлеуметтік шығармашылыққа жетуіне оңтайлы жағдай жасау;
- Адами капиталдың сапасын жақсарту мақсатында жастар патриотизм тәрбиелеуге және мұғалімдердің сана- сезімін жаңартуыға аса мән береді.

***Тәрбие жұмысының міндеттері:***

- Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат пен патриоттың қалыптасуына; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; балалармен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалармен

жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету.

- Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету.
- Тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету.
- Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету.
- Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуы мен өзін-өзі іске асыруына саналы қарым-қатынас қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту, сондай-ақ коэволюцияидеяларын қабылдау қабілетіне және оны күнделікті өмірде басщылыққа алуына ықпал ету.
- Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету.
- Білім беру ұйымдарында көп мәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.
- Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

2021-2022оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жылдық жоспары 8 бағыт арқылы жүзеге асырылды. Атап айтатын болсақ:

- Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу,құқықтық тәрбие.
- Рухани-танымдық тәрбие.
- Ұлттық тәрбие.
- Отбасылық тәрбие.
- Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.
- Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.
- Зияткерлік тәрбие,ақпараттық мәдениеттіт әрбиелеу.
- Дене тәрбиесі,салауатты өмір салты
- Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру (бағаланатын кезеңге қосымша сабақтар кестелерінің көшірмелері, сонымен қатар спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдармен байқауларға қатысу нәтижелері қоса беріледі.
- Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері жалпыадамзаттық құндылықтардың басымдықтарын, адам өмірі мен денсаулығын, тұлғаның еркін дамуын, патриотизм еңбек сүйгіштікке, адам құқықтары мен бостандығын құрметтеуге тәрбиелеуді көздейді.
- Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің мақсаттары мен міндеттерін іске асыруда тәрбие жұмысының басым 8 бағыты арқылы жүзеге асты. Осы бағыт ішінде адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесіспорттық, шығармашылық және мәдени конкурстар,жарыстарға, фестивальдар мен байқаулар жүргізілді. Аталған бағыттардың мақсаттарына тоқталып өтсем,
- *1- БАҒЫТЫ: Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие*

- Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты;тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін; балалар мен жастардың құқықтық санасын, оларда балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру.
- *7-БАҒЫТЫ:Көп мәдениеттілік және көркем-эстетикалық тәрбие*
- Мақсаты: Тұлғаның жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігіндамыту, білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру
- *8-БАҒЫТЫ:Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.*
- Мақсаты: Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

Осы аталған бағыттар бойынша іс – шаралар жоспары құрылды, құрылған жоспар бойынша жұмыстар жүзеге асырылып отыр. Алғашқы қоңырауға арналған «Кел , балалар, оқылық!» салтанатты жиыны 1 сынып үшін ұйымдастырылды және «Әліппе» оқулығы салтанатты түрде табысталды. Тәрбиенің 8 бағыты бойынша түрлі шаралар ұйымдастырылып өткізілді. 2-9 сыныптарда ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында ашық тәрбие сағаттары өткізілді.

Мектеп Жас ұландары Ел тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай "Отаныма 30 қайырымды қадам" акциясы аясында "Оқуға құштар ұлан" акциясына өз үлестерін қосты. (Видеоролик жасалды)

«Жас ұлан» ұйымының жұмысын жандандыру мақсатында оқу жылының басында Жас ұлан көшбасшысы сайланды.

Ұстаздар мерекесі қарсаңында мектептегі Жас ұлан мүшелері ұстаздарды құттықтау мақсатында түрлі шараларға белсенділік танытып жұмыстар жасады.

6-сынып оқушылары арасында «Жеті ата–тәрбие көзі» тақырыбында танымдық сағат өткізілді.

«Жас ұлан» ұйымының мүшелері ұстаздар мерекесінде мектебімізден зейнеткерлікке шыққан аяулы ардагер ұстаздарымыздың құрметіне «Қалдырған ізін мәңгілік» атты ұранымен үйлеріне барып, ардагер ұстаздарымызға арналған құттықтау арнауларын оқып, табыс етті.

7-8 сыныптар аралығында «Арайлы алтын күз» аттытақырыпта сайыс өткізілді.

Адам өміріндегі ең игі істердің бірі -қамқорлық жасау. Адамдар бір-біріне қайырымдылық, мейірімділік таныту арқылы жақсылық жасайды. Осы орайда"Жомарттық мекені" қайырымдылық акциясы аясында ауылдағы Күнзипа әженің үйіне барып тазалық жұмыстарына көмек көрсетілді.

5-6 сыныптар аралығында "Қауіпсіз балалық шақ"тақырыбында сурет салудан байқауөткізілді. Мақсаты : мектепте балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, мектеп оқушыларының арасында құқық бұзушылықтың алдын -алу және қауіпсіздік шараларын жетілдіру

5 - сыныбына "Жол ережесінің белгілері және олардың қолданысы" тақырыбында түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Мақсаты : Оқушыларды жолда жүру ережесімен таныстыру, жол қауіпсіздігін еске сақтауға, білуге, жол ережесінің белгілерімен жүре білуге үйрету.

Желтоқсан айында Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай "Ұланымыз Ұлы елдің!" атты тақырыпта салтанатты жиын өткізілді

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған іс- шаралар жоспары сәйкес "Тәуелсіздіктің құрдасы" атты тақырыпта Мектеп Парламенті мүшелерінің , мектеп әкімшілігінің құттықтау шарасы ұйымдастырылды.

Жас ұлан ұйымы мен мектеп парламенті фракциясының мүшелері арасында «Поэзия менімен егіз бе едің? « атты тақырыпта сайыс оқушыларды кітапқұмарлыққа, жыр жаттауға тәрбиеледі.

«Жас ұланның жұлдызды жылы» жобасының жоспары бойынша «Оқуға құштар ұлан» акциясы бойынша 6-сынып оқушылары ақын өлеңдерін жатқа оқып акцияға өз үлестерін қосты.

22 ақпан-1 наурыз аралығында «Алғыс айту парызым» атты апталық өткізілді. Жоспар бойынша мектептегі «Жас ұлан» ұйымының мүшелері алғыс айту күніне орай түрлі сала қызметкерлеріне құттықтаулар ұйымдастырды.

Мектептегі 8,9-сынып оқушылары барша мектеп қызметкерлерімен ардагер ұстаздарына өз алғыстарын жолдайды.

«Жас ұланның жылдық жұмыс жоспары бойынша мектептегі кішкентай Жас ұландықтар «Мен сияқты жаса» акциясына үлес қосады. Акцияға 3-4 сынып оқушылары Жалғасбаева Інжу өз қолөнерлерін көрсетіп, видеоролик жасалды.

22 наурыз-Ұлыстың ұлы күніне орай 6-9 сыныптар аралығында наурыз мерекесіне орайкеш өткізілді. “Наурыз почтасы” ұйымдастырылды . Мерекеге сынып оқушылар белсенділік танытты.Мерекелік ән, би айтылып, ұлттық салт –дәстүрге арналған көріністер көрсетілді.

7 сәуір –Дүниежүзілік денсаулық күніне орай 7-8 сыныптар аралығында «Кім жылдам?»атты спорттық ойын өткізілді. Мақсаты: Оқушыларды бір ортақмақсатқа жұмыла білуге, ұйымшылдыққа баулып, қимыл –әрекетке жаттықтыру.

Сонымен қатар ,мектебіміздетүрлі жобалар іске асырылуда. Білім алушылардыңөзін – өзі басқаруы,Дебат клубы жәнеоқуға құштар мектеп. Осы жобалар бойыншажоспарлары құрылып, шаралар өткізіліп, жалғасын табуда. «Қандай кітаптар оқыған пайдалы?»,«Кредиттік технологияның артықшылықтары», «Құндылық-мәдениеттің құрамдас бөлігі» атты тақырыпта оқушылар арасында дебат өткізілді.

«Мектеп парламенті» жобасы бойынша атап айтар болсақ, «Экология және еңбек» фракция жоспары бойынша 7-сыныбында «Экология және біз» тақырыбында танымдық сағат өткізілді. Ардагер ұстаздармен бірге“Бірге –таза Қазақстан” акциясы бойынша “Ұрпақтар сабақтастығы” аллеясын отырғызды.

«Табиғатты аялау сенің қолыңда» атты акциясына фракция мүшелеріөз үлестерін қосты.

«Қамқорлық» фракциясының жоспары бойынша «Табиғатты қорғау-адамзаттың парызы» тақырыбы бойынша бірге бөлме гүлдерін тыңайтқыш топырақтармен баптау жұмыстарын жүргізді.

«Спорт және салауат» фракциясының жоспары аясында "Кім жылдам?" тақырыбында спорттық сайысы өткізілді.

Мектеп оқушыларының өзін – өзі басқару ұйымының негізі ретінде Президенттік басқару жүйесі қалыптасқан. Балалардың білімге құштарлығын арттыру, өзін – өзі басқару жұмысына жетелеу, ұжымдықжауакершілікті сезінебілугеқалыптастырумақсатында Мектеп Парламенті Президенті сайлауы өткізілді. Сайлауға үміткер оқушыларға барлық сыныптар мен ұстаздарымыз белсенділік танытып дауыс берді. Сайлау нәтижесінде мектеп президенті болып 8-сынып оқушысы Төлеш Мерей сайланды.

«Ұшқыр ой алаңы» дебат клубының мүшелері қыркүйек айында «Туған тілдің қуаты – ұлттық намыста» тақырыбында дебат өткізді .

**Мақсаты:** Қазақ тілінің мәртебесі туралы оқушыларды өз пікірін айта білуге үйрету, дәлелдер мен мысалдарды, статистикалық мәліметтерді қолдана білуге үйрету, тілді құрметтеуге баулу.

«Ұшқыр ой алаңы» дебат клубының мүшелері **«Ең жақсы өмір ауылда»** тақырыбында дебат өткізді . **Мақсаты:** Оқушыларға ауылда тұрудың артықшылығы мен кемшін жақтарын ұғындыру; «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» тақырыбында дебат өткізді.

Мақсаты: Оқушыларға ұлттық тәрбиенің маңызын ұғындыру. Жанұя мүшелері арасындағы қарым- қатынас, әкенің ұлға,ананың қызға беретін тәрбиесінің ықпалын түсіндіру.

Оқушылардың бойына ұлттық құндылықтарды дарыту, дәріптеу. Пікірсайыс арқылы адами құндылықтардың артықшылығын ұғындыру мақсатында «Құндылық- мәдениеттің құрамдас бөлігі» тақырыбында дебат өткізілді.

"Театр" жобасында **"Ертегілер еліне саяхат"** тақырыбында 2-3 сынып аралығындағы оқушыларға сайыс өткізіліп, оқушылар кейіпкерлер бейнесін сомдай білуге, ертегі арқылы адамгершілікке, адалдыққа тәрбиеленді деуге болады.

Құндылыққа негізделген тәрбие беружобасы бойынша **“Құндылықтар – адам жанының алтын арқауы”** атты апталықтың жоспарына сәйкес **“Рухани тәрбие – адамгершілік бастауы”** атты тақырыпта 4-6 сынып аралығында сахналық қойылым болды.**Мақсаты:** адамдарға жақсылық ойлау, ондағы адалдық, әділдік, шыншылдық сияқты адами құндылықтардың алатын орны, олардың адам үшін маңызы жайлы,әдептілік ережелерін қадағалауды үйрету.

Ұлыстың ұлы күні наурыз мерекесіне арналған жұмыс жоспарына орай, «Театр» жобасы «Бесікке салу» рәсіміне көрініс қойды. Жыл өткен сайын мәні мен маңызы артқан ұлыстың ұлы күніне арналған мереке осындай әсерлі сәттерімен есте қалды.Баршаңызды ұлыстың ұлы күнімен құттықтап, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық тілейміз!

«Батырлар жыры» қойылымы да оқушыларды патриоттық сезімге, ерлікке, бірлікке тәрбиелеу барысында әсері зор болды. Оқушылардың ертегі кейіпкерлері туралы, батырларжыры, аңыздар туралы білімдерін кеңейту, ойлау, қайта жаңғыртып еске түсіру арқылы қиялдай білуге үйрету, ертегілер арқылы оқушыларды адамгершілікке, мейірімділікке және адалдыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, қиялдау, мәнерлеп сөйлеуге үйрету мақсатында сахналық қойылымдар ұйымдастырылды.
Сахналыққойылымға 9-сынып оқушылары «Қобыланды батыр» жырын, 8-сынып оқушылары «Алдаркөсе»хикаяларын, 7-сынып оқушылары «Ер Төстік» ертегісін ұсынды.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 20 минут кітап оқу сәті ұйымдастырылды. Кітап оқу барысындаоқушылар жобатуралыөз пікірлерімен бөлісеотырып,өздерісүйіп оқитын кітаптары туралы әңгімеледі.

Оқушылардың білім деңгейін көтеру, оқуға деген құштарлығын арттыру мақсатында «Ыбырай оқулары » челленджі, кітап оқу сағаты, «Ертегілер елінде» атты сурет байқауы , «Қыс қызықтары» атты эссе жазу байқауы, «Мен көп білемін» атты ойын ,ұйымдастырылды.

Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру мақсатындамектепте «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы құрылды. Оқу жылының басындаата-аналар мен мектеп ұжымы жиналыстарында «Заңсыз ақша жинау» бұйрығымен таныстырылды.
Сыбайлас жемқорлықтың алдын - алу мәдениетін қалыптастыру бойыншы Еріктілер клубының мақсаты: мектепте аса өнегелі, жауапты бастамашыл және әлеуметтік құзырлы азаматты және патриотты қалыптастыру үшін жағдай жасау. 14 қыркүйек күні «Адал ұрпақ – болашақ негізі» тақырыбында «Адал ұрпақ» клубының жұмысын жандандыру үшін алғашқы жиын болып өтті.

Жиын барысында «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының негізгі мақсат-міндеттері түсіндіріліп, алдағы уақытта атқарылатын іс-шаралардың жоспарымен таныстырылды. 7-9 сынып оқушылары аралығынан клуб мүшелері таңдалып, 3 бағыт бойынша жұмыс жасауға жұмылдырылды. Клуб президенті сайланып, әр топқа тапсырмалар берілді.

«Жемқорлық індет-жою міндет» тақырыбында акция ұйымдастырылды.

«Жемқорлық, құқық бұзушылықтың алдын алу картасы» жобалар байқауы ұйымдастырылды.

"Құндылық - адам жанының алтын арқауы" атты тәрбие апталығы бастау ұйымдастырылды. Апталықтың ашылу рәсімін мектебіміздің "Адал ұрпақ" ерікті мектеп клубы тізгіндеді.

«Сыбайлас жемқорлық туғызатын құқықбұзушылық және олар үшін жауаптылық» тақырыбында эссе байқауы

19 мамыр күні клуб мүшелері арасында «Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықпен бопсалаудың алдын алу» кеңес отырысы

**2022-2023 оқу жылында** №281 негізгі мектебіндегі тәрбиеісінің жылдық жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығына 2-қосымша, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкесоқу – тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдерінен құралады.

Тәрбие мақсаты - орта білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысын ұйымдастыруды реттейтін нормативтік құжаттарды ескере отырып, жаңа оқу жылында тәрбие жұмысын ұйымдастырудың басым бағыттары қарастырылады. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру кезіндегі басымдықтар білім алушылардың әл-ауқатын қамасыз ету,баланың жеке басына құрметпен сенім,

балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, оларды кемсітушілікке жолбермеу.

-Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеу. Өзін-өзі дамыту , оқушылардың жеке басының өзін-өзі анықтауы,олардың қоғамдағы сәтті әлеуметтенуіүшін жағдай жасау;

Міндеттері:

1) азаматтыққа және патриотизмге, өз Отаны Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға қарсы кез-келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу.
2) Оқушылардың оқу іс-әрекетіне тұрақты ынтасын дамыту, білім беру мен өз бетінше білім алудың өмір мен қызмет үшін маңыздылығын ұғындыру;
3) Тұлғаның шығармашылық, рухани және физикалық мүмкіндіктерін дамыту,адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты, сыни ойлау мен функционалдық сауаттылықты, проблемаларды өз бетінше шешу қабілеттерін дамыту үшін жағдай жасау арқылы зияткерлікті байыту.
4) Елдің қоғамдық-саяси , экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру.
5) Тұлғаның экономикалық ойлауын және кәсіби қалыптасуы мен өзін-өзі жүзеге асыруғасаналы көзқарасын; табиғатты сақтаудағы белсенді азаматтық ұстанымды; экологиялық сауаттылық пен мәдениетті дамыту
6) Мектеп пен ата-аналардың өзара іс-қимыл форматын ұйымдастыру, әлеуметтік маңызы бар балалар отбасы және ата-ана бастамаларын , балалар қоғамдық бірлестіктерінің қызметін дамыту және қолдау.
7) Балаларды тәрбиелеуде жалпы және қосымша білім беру жүйесінің рөлін арттыру, сондай-ақ, дене шынықтыру және спорт , мәдениет саласындағы ұйымдар қызметінің тиімділігін арттыру.
8) Балаларды тәрбиелеу саласындағы ғылыми зерттеулердің сапасын арттыру.
9) Балалардың ақпараттық қауіпсіздік деңгейін арттыру.
10) Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылық пен қадағалаусыздықтың алдын-алу және жасөспірімдер арасындағы нашақорлықтың алдын-алу бойынша жұмыс істеу, «қатер» тобындағы балаларды мектеп өміріне , сыныпқа, үйірмелер секциялар сабақтарына барынша тарту.
11) Оқу үрдісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дамыту бағдарламасына сәйкес кеңінен қолдану.
12) Оқыту мен тәрбиелеу процесінде нәтижені құндылыққа бағдарланған тәсіл арқылы іске асыру,
13) Мектептің жайлы кеңістігін жобалай отырып, білім алушылардың оқу процесіне қатысуын , академиялық жетістіктерін, мінез-құлық үлгілерін , эмоционалды әл-ауқатын арттыруға әсер ету.
14) Қолайлы білім беру ортасын құруда сынып жетекшілер рөлін арттыру. Тәрбие қызметінің басым бағыттары:

1. Жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу,құқықтық тәрбие.
2. Рухани-адамгершілік тәрбие
3. Ұлттық тәрбие.
4. Отбасылық тәрбие
5. Еңбек экономикалық және экологиялық тәрбие
6. Көп мәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі
8. Дене тәрбиесі,салауатты өмір салты

Тәрбиенің 8 бағыты бойынша ата-аналар арасында түрлі шаралар, оқушылар арасында сынып сағаттары өткізілді.

«Мен жастарға сенемін»,«Мамандық таңдау-басты бағдарымыз»атты тәрбие сағаттары өткізілді.

**Тәрбие жүйесінің құрылымы:**

- Әлеуметтік–педагогикалық қызмет;
- Құқықбұзушылықтың алдын-алу кеңесі;
- «Адал ұрпақ» ерікті лер клубы;
- Психологиялық-педагогикалық қызмет;
- Ата-аналармен жұмыс;
- Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігінің жұмысы;
- Салауатты өмір салты орталығы;
- Мектептен тыс мекемелермен байланыс жұмыстары;
- Қамқоршылық кеңесі;
- «Мектеп парламенті»жобасы.
- «Ұлттық мектеп» турнирі
- «Оқуға құштар» мектеп жобасы
- «Театр»жобасы
- «Жас ұлан», «Жас қыран» ұйымы
- «Адалдық алаңы» жобасы
- «Отбасы-орта мектеп» жобасы

Тәрбие жұмысының 8 бағытына сәйкес, мектепте әртүрлі жобалар іске асырылды.

**«Өмір қауіпсіздігі негіздері» міндетті оқу курстары.**

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығына 2-қосымшасы, 2-тарау, 1 параграф 24 тармағы; Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы 2-қосымшасы, 2-тарау, 25 тармағы басшылыққа алып, 1-4- сыныптарда "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсын міндетті меңгеру қамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда "Дүниетану" оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4- сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырады. Дүниетану пәнінің күнтізбелік тақырыптық жоспарларында ӨҚН курсының тақырыптары жоспарланған.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығына 3-қосымшасы, 2-тарау, 1 параграф 48 тармағы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы 3-қосымшасы, 4-тарау, 55(6) тармағы басшылыққа алып «Өмір қауіпсіздігінің негіздері»оқу курсының мазмұны 5-9 сыныптарда «Дене шынықтыру» оқу курсының шеңберінде жылдық оқу жүктемесі 15 сағаттан дене шынықтыру мұғалімдерінің оқытуымен іскеасырылады.Өмір қауіпсіздік негіздері бойынша сабақтарміндетті болып табылады және оқу уақытында жүргізілді. 5-9 сыныптарда дене шынықтыру пәнінің күнтізбелік тақырыптық жоспарларында ӨҚН курсының тақырыптары I,II жарты жылдыққа жоспарланған.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығына 4-қосымшасы, 2-тарау, 1 параграф 81 тармағы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы 4-қосымшасы, 4-тарау, 50 тармақты басшылыққаалып«Өмірқауіпсіздігініңнегіздері»оқукурсыныңмазмұны10-11сыныптарда «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу курсы аясында алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысының оқытуымен іске асырылады. Өмір қауіпсіздік негіздері бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу уақытында жүргізіледі.Табиғаттағы, көліктегі, ғимарат ішіндегі төтенше жағдай кезінде әркім білуге тиісті қауіпсіздік ережелерімен таныстырады, ескертіп үйретеді.

**5) «Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курстары.**

"Жолда жүруережелері" оқу курсының мазмұны 1-4-сыныптардасыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен, сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері тақырыптары мен мерзімін көрсетіле отырып жасалғанжылдықжұмысжоспарыарқылыіске асырылды.Көшедежүруережелерібойыншабарлықоқушыларменжылбойыжүргізілетін жұмыстар мектеп директоры бекіткен іс-шара жоспары арқылы іске асады. 1-сынып оқушыларынамектепкекелу,мектептенқайту,машинажолдан,көшеқиылысынанөту, бағдаршамның түстерін ажыра білу, жол жиегінде ойнамау және ата-аналарға оқушылардың өмір қауіпсіздігін сақтау мақсатында сабаққа баланы алып келіп,алып қайту жайында мектеп инспекторымен бірлескен түсіндірме жұмыстары жүргізілді, барлық сынып бөлмелерінде көшеде жүру ережелерін білу мақсатында стенділер жасалған. 5-8 сынып оқушыларына «Жол қозғалысы ережелері» оқу курсын 10 сағат сынып сағаты есебінен сынып жетекшілері жүргізеді.

**6) Оқу мерзіміне қойылатын талаптар:**

**2021-2022 оқу жылында** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы№ 604 бұйрығының 2-қосымшасы 3 тарау §140 -тармағы (40. Бастауыш мектептегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 29 сағаттанаспайды.)- 1-3 кластарда, §2 44-тармағы (44.Білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі сыныптағы және сыныптан тыс (дамытусипатындағы жеке және топтық сабақтар) оқу жұмыстарының барлық түрлерін қоса алғанда, 4-сыныпта 29 сағаттан аспауы тиіс.) -4сыныпта , 3-қосымшасы 3 тарау §1, 54-тармағы (54. Негізгі орта білім беру деңгейіндегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 5-сыныпта – 32 сағаттан, 6-сыныпта – 33 сағаттан, 7-

сыныпта – 34 сағаттан, 8-сыныпта – 36 сағаттан аспауы тиіс.),3 тарау §2 ,59- тармағы (Білім алушылардың барлық сыныптағы және сыныптан тыс (факультатив, жеке және үйірме жұмыстарының) апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі әр сыныпта аптасына 38 сағаттан аспауы тиіс.)- 9 класта, 4-қосымшасы 3 тарау §2 52-тармағы (52. Білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі сыныптағы және сыныптан тыс (факультативті, жеке және үйірме сабақтары) оқу жұмыстарының барлық түрлерін қоса алғанда,

**2022-2023 оқу жылы**«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақыстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы3тамыздағы№348бұйрығы2-қосымша «**Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты**» 3-тарау 28-тармашасына сай бастауыш мектептегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлемі 27 сағаттан аспайтындай болып белгіленді.

2022-2023 оқу жылы «Мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың,бастауыш,негізгі орта,жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білім нен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпығаміндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақыстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы 3-қосымша «**Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты**» 3-тарау 40 тармағы бойынша негізгі орта білім беру деңгейіндегі білім алушылардың апталық жүктемесінің ең жоғарғы көлемі 5- сыныпта – 29 сағаттан, 6-сыныпта – 30 сағаттан, 7-сыныпта– 33 сағаттан, 8- сыныпта– 34 сағаттан, 9-сыныпта– 34 сағаттан аспайтындай болып белгіленді.

2022-2023 оқу жылы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта,жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақыстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы 4-қосымша «**Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты**» 3-тарау 30 тармағы бойынша жалпы орта білім беру деңгейіндегі білім алушылардың апталық жүктемесінің ең жоғарғы көлемі әр сыныпта35сағаттан
аспайтындай болып белгіленді. Жалпы білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі барлық сыныптарда сақталды. Жұмыстық оқу жүктемесіне сай сабақ кестелері жасалды